Бекітемін: ____________

№43 « Гүлдаурен » балабақшасы

меңгерушісі Шокпарова К.Т

«02» 09 2024ж

**Жалпы сөйлеу тілі дамымаған «Түймедақ» ересек балалар тобымен жүргізілетін топтық ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

2024-2025 оқу жылы

**Қыркүйек**

| Сөйлеуді дамыту-3 | Дыбыс айту -1 |
|---|---|
| **Сөздік қор.** Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың атауларымен таныстыру.аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.Балабақша, менің достарым,ойыншықтар,маусымдық киімдер тақырыптары аясында баланың сөздік қорларын дамыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу.Баланың балабақша, достары туралы сұрақтарға жауап бере білуге , үлкенмен диалогқа түсе білуге тәрбиелеу. | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** «Дыбыс» туралы ұғыммен таныстыру.Қоршаған орта дыбыстарымен таныстыру, ажырату. (әрбір құстың,жануардың, көліктердің, заттардың және т.б дыбыстардың ерекшеліктерімен таныстыру) Дыбыстардан сөздер құралатынын түсіндіру.Артикуляциялық айтылу мен дыбысталу ерекшеліктерне байланысты дыбыс дауысты және дауыссыз дыбыстардан тұратынын ұғындыру. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды бірге айтуға дағдыландыру. Буын туралы түсінік беру.Сөздерді дұрыс буынға бөлу біліктерін қалыптастыру.Сөз.Сөз туралы түсінік беру.Сөздің бірнеше дыбыстардан құралатынын,бір ғана сызбамен көрсетілетіні жөнінде мағлұмат беру.Сөзге дыбыстық талдау жасау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту. Дидактикалық ойындар арқылы дыбысқа сәйкес сөздер құрауға дағдыландыру. Ән тыңдау арқылы есте сақтау фонематикалық есту қабілетін арттыру. Дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекітуді жетілдіру. |

**Қазан**

| Сөйлеуді дамыту-3 | Дыбыс айту -1 |
|---|---|
| **Сөздік қор.** Баланың сөздік қорын табиғат өзгерістерімен, ерекшеліктері ,маусымдық құстардың тіршілігі мен адамдардың еңбегі жайлы тақырыптар аясында балалармен талқылау. Баланың сөздік қорларын «Алтын күз», «Күзгі өнім», «Жыл құстары», «Республика күні»тақырыптарында толықтыру, дамыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Балаларды сурет бойынша әңгімелесуге үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу. | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлем туралы түсінік. «А»,«Т»,«П» дыбыстарымен таныстыру.<br>Балаларға сөйлем туралы түсінік беруді жалғастыру.Сұраулы,хабарлы,лепті сөйлемдерді ажырата білуге үйрету.Сөйлем түрлері хабарлы,сұраулы,лепті және олардың қолданылуы мен ажыратылуын үйрету,үйренуге, білуге деген қызығушылығын ояту. |

**Қараша**

| Сөйлеуді дамыту-3 | Дыбыс айту -1 |
|---|---|
| **Сөздік қор.** Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: «Менің отбасым», «Ас атасы-нан» Менің қалам-Ақтөбем», «Қыстап қалатын құстар» тақырыптарымен таныстыру,белсенді сөздік қорларын дамыту. олардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтуға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың дұрыс айтылу дағдыларын бекіту бойынша жұмысты жалғастыру,сонорлық (р, л) дыбыстардың айтылуын пысықтау.<br>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. «Н», «Ғ», «Р», «Л» дыбыстарымен таныстыру. Дыбыстардың сөздегі орнын таба білуге,сөздің басында,ортасында,соңында екенін ажырата білуге үйрету.Естуін,фонематикалық қабылдауын дамыту. |

**Желтоқсан**

| Сөйлеуді дамыту-3 | Дыбыс айту -1 |
|---|---|
| **Сөздік қор.** Тақырып мазмұнына сай сөздік қорды кеңейту: «Алақайқыс келді », «Тәуелсіз Қазақстан» , «Қыс қызығы », «Жаңа жыл»<br>Қыс мезгілінің маусымдық табиғи ерекшеліктерімен,жан – жануарлардың өзгерістерімен,тіршілігімен,мерекелер мазмұнымен таныстыру,білімдерін кеңейту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтуға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және дауысты дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.<br>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. «У», «Ш», «й», «О» дыбыстарымен таныстыру. Дыбыстардың сөздегі орнын таба білуге,сөздің басында,ортасында,соңында екенін ажырата білуге үйрету.Естуін,фонематикалық қабылдауын дамыту. |

**Қаңтар**

| Сөйлеуді дамыту-3 | Дыбыс айту -1 |
|---|---|
| **Сөздік қор.** Тақырыптар мазмұнына сай : «Жабайы жануарлар және олардың балалары»,«Үй жануарлары және олардың төлдері», «Ыстық жақтың жануарлары, « Солтүстік аймақ жануарлары»», «Ыдыстар» белсенді сөздік қорларын қалыптастыру. Бұрыннан таныс кейбір жануарлардың, құстардың атауларын қайталау.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** 2–3 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Педагог үлгісі бойынша жануарларды сипаттауға үйрету | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** «К», «Д», «М», «Б» дыбыстарымен таныстыру. Дыбыстардың сөздегі орнын таба білуге,сөздің басында, ортасында,соңында екенін ажырата білуге үйрету.Естуін,фонематикалық қабылдауын дамыту. |

**Ақпан**

| Сөйлеуді дамыту-3 | Дыбыс айту -1 |
|---|---|
| **Сөздік қор.** Сөздік қорын ересектердің кәсіптерін білдіретін зат есімдермен және еңбек қызметін білдіретін етістіктермен толықтыру; сөйлеуде жиі қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, көмекші сөзді қолдану.Сөздік қорларын , «Дене мүшелері»,»Тұрмыстық техника бұйымдары» «Мамандықтар», » Үй құстары» белсендіру<br>**Сөздің грамматикалық құрылымы.** Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыра білуге үйрету, императивті көңіл-күйде етістіктерді қолдануға үйрету (отыру, жүру, жүгіру).<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде бала жасаған сурет, бұйым бойынша әңгімелер құра білуге үйрету | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** «С», «Ы», «Ж», «Ұ» дыбыстарымен таныстыру.Қазақ тіліне тән «ұ» дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін бекіту: баяу сөйлеу, жаңылтпаш айту. |

**Наурыз**

| Сөйлеуді дамыту 3сағат | Дыбыс айту 1сағат |
|---|---|
| **Сөздік қор.**«Аналар мерекесі», «Ұлттық ойындар», «Наурыз»,«Көктем » тақырыптарында белсенді сөздік қорларын дамыту. Байланыстырып сөйлеу тілдерін, фонематикалық түсініктерін дамыту. Сурет бойынша әңгіме құрап айтуға , сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын дамыту. Сипатап айтуға жаттығу<br>Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру (қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, сыбаға, ас қайыру, бата беру), қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері бойынша әңгімелер құрастыруға баулу. | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** «Қ», «Ү», «В», «ң» дыбыстарымен таныстыру.Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән «қ,ү,ң» дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. |

**Сәуір**

| Сөйлеуді дамыту 3сағат | Дыбыс айту 1сағат |
|---|---|
| **Сөздік қор.** «Азық-түліктер», «Құпия толы ғарыш әлемі», «Жемістер», «Көкіністер» тақырыптарында сөздік қорларын белсенділендіру. Балалардың сөздігіне қарама-қарсы мағынасы бар сөздерді – антонимді қосу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** «З», «Щ», «Ц», «Х» дыбыстарымен таныстыру. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. |

**Мамыр**

| Сөйлеуді дамыту-3 | Дыбыс айту -1 |
| --- | --- |
| **Сөздік қор.** «Халықтар бірлігі мен ынтымақтастығы күні», «Көліктер»,«Ағаштар. Гүлдер» , «Жәндіктер», «Қош келдің жайдарлы жаз!» тақырыптары мазмұнында сөздік қорларын жетілдіру, дамыту. Заттардың белгілерін, санын, әрекеттерін білдіретін сөздерді айту қабілетін дамыту. Тілдік сөздік қорға сөздерді жалпылама мағынамен енгізу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** 2-3 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдер құрастыру қабілетін дамыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Мұғалімнің үлгісі бойынша көліктерді, ағаштарды,гүлдерді,жәндіктерді,жидектерді сипаттау қабілетін дамыту. | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** «Ф», «Ч», «Я», «Ю» дыбыстарымен таныстыру.Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. |